

Ақмола облысы Жақсы ауданы Беловод ауылдық округінің көшелерін қайта атау туралы

Ақмола облысы Жақсы ауданы Беловод ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 10 ақпандағы №1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 24 ақпанда № 5774 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, халқының пікірін ескере отырып, Ақмола облыстық ономастика комиссиясы отырысының 2016 жылғы 5 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Беловод ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Көшелері қайта аталсын:

1) Беловод ауылының:

Победа көшесін Жеңіс көшесіне;

2) Перекатное ауылының:

Элеваторская көшесін Достық көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Беловод ауылдық
округінің әкімі*

А.Козбаева